ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ БЕЛКӨЛ КЕНТІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫНЫҢ» «БАЛАПАН» БӨБЕКЖАЙ БАЛАБАҚШАСЫ КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ ЯСЛИ-САД «БАЛАПАН» КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «АППАРАТА АКИМА ПОСЕЛКА БЕЛКУЛЬ ГОРОДА КЫЗЫЛОРДЫ» АКИМАТА ГОРОДА КЫЗЫЛОРДА

120007.Қызылорда облысы, Белкөл кенті, ықшам ауданы, 13. Тел:8(7242) 26-82-60, e-mail: balapanb2014@mail.ru

120007, Кызылординская область, поселок Белкуль, Жаңа микрорайон Новый, 13. Тел.: 8(7242) 26-82-60, e-mail: balapanb2014@mail.ru

Шығыс/Исх. № 33
«16» 04 2026 ж/г

ЖК «Алтынбеков»
басшысына

«Балапан» бөбекжай балабақшасы КМҚК, Сіздің азық-түлік өнімдерін сатып алу конкурсынын қорытынды хаттамасына 2026 жылдың 10 сәуірінде тіркеген шағымыңыз бойынша төмендегіні жеткіземіз.

«Жас-Наз» ЖК бойынша –

1. 2022 жылға ұсынған құжаттар, Сіз шағымда атап көрсеткендей, актідегі келісім-шарттың нөмірі мен тіркелген келісім-шарт нөмерінің сәйкес келмеуіне байланысты, жұмыс тәжірибесі ретінде мүлдем есептелмегенін;
2. 2019 жылға ұсынған құжаттар қаңтар айына толтырылғандықтан, тек қаңтар айына, яғни 1 ай жұмыс тәжірибесі ретінде есептелгенін;
3. 2025 жылға ұсынған 01.07-31.07.2025 ж. жасалған актісінде тауар бағасы мен жалпы сомасы көрсетілген бағанның қате толтырылуына байланысты есепке алынбағанын, тек қалған дұрыс толтырылған 11 айы ғана жұмыс тәжірибесіне есептелгенін жеткіземіз.
4. «Жас-Наз» ЖК ұсынған құжаттар бойынша жұмыс тәжірибесі төмендегідей есептелген:

   2019 жыл – 1 ай
   2020 жыл – 10 ай
   2021жыл – 12 ай
   2022 жыл – 0 ай
   2023 жыл – 12 ай
   2024 жыл – 12 ай
   2025 жыл – 12 ай
   Жалпы 58 ай, 4 балл.

«Тлеулиева» ЖК бойынша –

1. 2022 жылға ұсынған актілердің қате толтырылуына байланысты толықтай есепке алынбағанын;
2. 2024-2025 жылдарға ұсынған құжаттарда, актілердің қай күні толтырылғаны көрсетілмегенімен қай айға жасалғаны көрсетілген. №598 бұйрықтың 8-қосымшасында «Тауарларды жеткізушіні таңдау өлшемшарттарындағы» ескертпеде «1-тармақ бойынша конкурс өткізілетін тиісті аймақта ағымдағы жылдың өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесінің болуы тауарларды **жеткізу кезеңі, осы шарттарды орындаудың әрбір айы үшін тауарларды қабылдау-тапсыру актілері** көрсетіле отырып, бұрын жасалған шарттардың көшірмелерімен расталады» делінген. Жоғарыда аталған ескертпеде - актіде жасалу күні мен қол қойылған күні немесе КК.АА.ЖЖЖЖ форматтағы мерзімді көрсету нақты сұралмаған, соған сәйкес актінің қай айға жасалғаны көрсетілуіне байланысты, бұл актілерді есептемеуге құқығымыз жоқ. Осы актілер бойынша «Тлеулиева» ЖК-нен анықтама хат сұратылды және жауабы алынды. Қосымша ретінде «Тлеулиева» ЖК тарапынан осы аталған актілер бойынша төлем құжаттары ұсынылды. Актілердің болуы, қосымша оның төлем құжаттарымен расталуы, осы ұсынылған құжаттар бойынша расында жұмыс жасалғанын айғақтайтынын және жұмыс тәжірибесі ретінде есепке алуға жататынын;
3. 2021 жылға жұмыс тәжірибесін растауға ұсынылған құжаттар бойынша, Сіз шағымда көрсеткендей, актіде көрсетілген келісім-шарт нөмірі мен ұсынылған келісім-шарт нөмірінің сәйкес келмеуіне байланысты, сәуір айынан бастап желтоқсан айы аралығындағы актілер есепке алынбағанын, тек бастапқы (қаңтар-наурыз) 3 айы ғана жұмыс тәжірибесіне есептелгенін жеткіземіз.
4. «Тлеулиева» ЖК ұсынған құжаттар бойынша жұмыс тәжірибесі төмендегідей есептелген:

   2019 жыл – 12 ай
   2020 жыл – 12 ай
   2021 жыл – 3 ай
   2022 жыл – 0 ай
   2023 жыл – 9 ай
   2024 жыл – 12 ай
   2025 жыл – 12 ай
   Жалпы 60 ай, 5 балл.

Меңгеруші **Г.Т. Алтынбекова**